

Целиноград ауданында үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № А-4/268 қаулысы. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 9 тамызда № 1-17-179 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № А-1/340 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 18.09.2014 № А-1/340 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабының 2 тармағының 3 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тоқсан сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетілісін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград ауданы әкімінің міндетін атқарушы

М.Жанабергенов